



Кенесары-Наурызбай жайындағы тарихи-фольклорлық үлгілер

Posted on [Май 3, 2016](#)

Пазылбек Бисенбаев,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің
Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы
кафедрасының аға оқытушысы

Кенесары-Наурызбай жайындағы тарихи-фольклорлық үлгілер



Кенесары қозғалысының түрлі кезеңдерін қамтитын фольклорлық шығармалар өте көп. Олар жанрлық қырынан алғанда көлемді тарихи жырлар, ғашықтық мазмұндағы дастандар, кейіпкерлердің арман-аңсарларын аңдататын лирикалық өлеңдер, Кенесарының Арқа жұртымен қоштасуын бейнелейтін толғаулар, тәлімі мол тарихи аңыздар, Хан Кене мен Наурызбай төренің қазасын жоқтауға арналған ғұрыптық жырлар болып келеді. Бұлардан басқа күллі қазаққа аты мәлім ақындар шығарған туындылар да аз емес. Нысанбайдың «Кенесары-Наурызбайы», Көкбайдың «Абылай-Кенесарысы», Нұрханның «Жасауыл қырғыны», Саядидің «Кенесарысы» т.б. сияқты жырлар Кенесары қозғалысын бейнелеуге бағышталған авторлық шығармалар тізбегін құрайды. Бұл шығармалардың басым көпшілігі көтерілістен соң туған. Кенесарының ісін қадір тұтқан ел оның ұлт үшін атқарған ісін өлең-өрнегіне салып жырлауды белгілі ақындарға әлеумет міндет етіп тапсырған. Мәселен, Көкбай ақын Абай туралы естелігінде Абайдың: «Абылай да, Кенесары да қазақтың мақтан қылатын ерлері. Бұлардың еңбегі де айта қалғандай ұмытпастық еңбек. Сондықтан бастарынан кешкен дәуренді жақсы сөзбен жыр қылып, ел ортасына жаю – жақсы өлеңшінің міндеті» — деп, «Абылай-Кенесары» туындысының жазылуына түрткі болғанын айтады.

Хан Кененің үзеңгілес серіктері Ағыбай, Иман, Бұқарбай жайындағы жырларда да Кенесарының ақыл-парасаты, ұлтжандылығы сөз болады.

Кенесары қозғалысы туралы жырларды халық әдебиетінің үлкен бір саласы ретінде кезінде М.Әуезов, Х.Досмұхамедов, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Р.Бердібаев, т.б. белгілі ғалымдар зерттеген. Кенесарыға арналған тарихи фольклорлық үлгілердің бүгінгі күнге жетуі үшін көп еңбек еткен ғалым Е.Ысмайылов болды. XX ғ. 30 жылдарында Е.Ысмайылов Кенесары мен Наурызбай туралы өлең-жырларды, аңыздарды жинап құрастырған болса, 1948 жылы фольклорлық шығармаларға арналған «Қазақ әдебиетінің тарихында» (I том) Кенесары мен Наурызбайдың халық әдебиетіндегі бейнесі туралы зерттеу мақаласын жариялады. Ғалымның атқарған еңбегі кеңестік идеологияның шартына сәйкес келмегендіктен 25 жылға сотталғаны мәлім.

Ілгеріде аты аталған шығармалардың ішінде Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» туындысының орны ерекше. Өйткені найзасы мен қобызын қатар ұстап, жорықтағы қолдың жыршысы болған Нысанбай шығармасында Ресей мен Қоқан үкіметі қыспағынан туған ел қасіреті, Кенесары батырларының ерліктері ханның қолбасшылық өнері, майдан даласындағы соғыс суреті сол күйінде көрініс табады. Шығарма қаһармандарымен бірге жүріп, бар оқиғаның куәсі болған ақынның ой-сезімі, өкініші мен қайғысы жоқтау-жырдың бейнелеу амалдарымен ұштасып тарихи туындының көркемдік мәнін көтере түскен.

Нысанбай жыры көпке қадірлі, бар қазаққа кең тараған туынды болғандықтан әртүрлі өзгерістерге ұшырап, бірнеше нұсқамен тараған. Бұл шығарма алғаш рет 1875 жылы С.Жантөрин мен Т.Сейдалиннің аудармасымен «Записки Оренбургского отдела императорского русского географического общества» журналының 3 бөлімінде орысша аудармасымен бірге басылып шығады. Содан кейін «Кенесары-Наурызбай» жыры 1903, 1912, 1915 жылдары Қазан баспасынан жеке кітап күйінде жарық көреді. Шығарманы жариялаған – Ж. Шайхулисламұлы. Кеңес үкіметі тұсында Нысанбай туындысы екі рет кітап болып шықты. 1923 жылы Х.Досмұхамедұлының алғысөзімен Ташкентте басылып, 1924 жылы Мәскеуде Н.Төреқұловтың алғысөзімен жарияланады. Бұл жарық көрген кітаптардың екеуі де Ә.Диваев жинаған Ж.Басығарин нұсқасы еді. Аталмыш шығарманың С.Жантөрин, Ж.Басығарин, Ж. Шайхулисламұлы нұсқараларына қарағанда біршама толық

нұсқасы 1939 жылы торғайлық ақын Қ.Қараевтан жазылып алынған варианты болатын. Нысанбай жырының баспа бетін көрмеген Ш.Жәңгіров пен А.Бағдәулетұлы нұсқасы ҒА Орталық ғылыми кітапханасының сирек қолжазбалар бөлімінде сақтаулы тұр.

Нысанбай жыры нұсқаларында суреттелетін Алатаудағы соғыстың тууына себеп болған оқиғалар тарихи еңбектердің бірде-бірінде аталмайды. Мысалы, Қ.Қараев, Ж. Шайхулисламұлы, Ш.Жәңгіров нұсқаларында қырғыз-қазақ байланысының бұзылуына түрткі болған басты оқиға Наурызбайдың бірде Топжарған, бірде Тортөбел аталатын жүйрік атының ұрлануы болып көрінеді. Расында, Наурызбай төренің мініс аты көп жылқының бірі емес, талай жүйрікті шаң қаптырған әйгілі сәйгүлік болатын. Сондықтан Топжарғанның қолды болуы Кенесары төңірегіндегі ел үшін айтулы оқиғаның бірі саналған. Батырдың тағдыры — оның атының да тағдыры. Аттың өлтірілуі, жаралануы немесе қолды болуы батыр бағының тайғандығын көрсетеді. Ақын-жыраулардың Топжарған атты Алатаудағы соғысқа қатыстырмай, жыр басында ұрлатуының өзі оқиғаның негізінде нақты өмір шындығы жатқанын көрсетеді. Тарихи деректерде Күрті, Ырғайты, Ұзынағаш деген жерлерге келіп орналасқан Кенесары ауылдарына қырғыздың Орман, Жантай, манаптары отыз-қырықтан адам аттандырып, елдің жылқысын барымталап ала бастағаны айтылады. О.Шипиннің сөзіне қарағанда, Кенесарыны келтірмеу үшін Жаңғараш пен Жантай ханның шұбар жылқысынан бір үйір қысырағын айдап әкетеді. Оған қозғалмаған соң Наурызбайдың белдеуінен Топжарған дейтін жүйрік атын ұрлайды. «Бұзық басы бурылдан» деген, қырғыз-қазақтың соғысы Жаңғараш пен Жантайдан басталады.

Жалпы, қаһармандық эпос пен тарихи жырларда өзі жау іздеп шығатын батыр жағымды тұлға бола алмайды. «Кенесары-Наурызбай» жырындағы қырғыз манаптарының атты ұрлауы бас қаһарманның кейінгі жорықтарын ақтайтын дәлел-дәйек. Сондықтан бұл оқиғаны жырдың дамуындағы атқаратын қызметі ерекше.

«Кенесары-Наурызбай» жырының баспа бетін көрмеген нұсқаларында Алатаудағы соғыстың басталуына басқа жайттар себеп болады. Мәселен, шұбартаулық С.Бәуов ақсақалдың айтуындағы жыр нұсқасында мынадай эпизодтар кезігеді. Кенесары ауылы көшіп бара жатқан қырғыздың Есқожа Қанай деген әруақты адамдардың бейітіне төрелердің бірінің өлген шешесін жерлейді. Кейін құран оқи барған бір қырғыз жас қабірді көреді. Ол маңайда ешкім өлмеген екен. Бұл қалай пайда болған қабір деп сұрау салады. Біреулер «Төрелер осы жолмен көшіп өткен, солардың өлген біреуінің қабірі болуы мүмкін» дегенді айтады. Ол бейітке қырғыздар өлген адамын рұқсат алып қана жерлейді екен. Қырғыздар естіген соң оларды манаптарының бірі қойылған адамды көрден алып тастаңдар деп жарлық береді. Шаш ал десе, бас алатындар дереу келіп, кемпірдің сүйегін көрден суырып алып лақтырып тастайды. Оны ит жейді.

Мұны қырғыздардың біреуі төрелерге жеткізеді. Қырғыздардың бұл ісіне ыза болған Кенесары қанша жерден әулие болса да көріп алдым, Есқожа мен Қанайдың бейітін зеңбірекпен атыңдар деп батырлардың біріне бұйрық береді. Бұйрық орындалады. Сонда Есқожа мен Қанай зиратынан екі ақбоз ат шауып шығыпты деседі. Ендігі ісінің кедергіге ұшырайтынын білсе де, ашулы Кенесары қалың қолды қырғыздарға бұрады.

Тарихи жырларды өмірде орын алған ұлт-азаттық күрестердің куәсі болған ақын-жыраулардың шығаратыны мәлім. Олар өздері көзімен көрген, замандастарын қатты толғандырған мәселелерге баса назар аударған. Сондықтан болар кейде тарихи жыр сюжеттерінде, ресми құжаттарда мүлде сөз

болмаған оқиғалар бірінші кезекке шықса, зерттеу еңбектерінде маңызды оқиғалар елеусіз қалып жатады. «Кенесары-Наурызбай» жырындағы Есқожа, Қанай бейіттерінің бұзылуына қатысты әңгіменің бірде-бір тарихшы ғалымның еңбегінде аталмауы соның бір мысалы болса керек. А. Бағдәулетұлы жырлаған нұсқада Кенесарының зиратты бұзуына себеп болған жағдайлар мүлде басқа қырынан өрнектеледі. Мұнда қазақ батыры Андасты өлтіріп, отқа өртеген қырғызға кектеніп жүрген көп дулат Кенесарыға Байзақ батырды салып, Есқожа мен Қанайды көрден шығарып өртеуді сұранады. Сонда Кенесары: «32 төрені, 22 қожаны, дулат алдына салсын, моласын балтамен бұзып, көр ішінен қырғыздың сүйегін ашып алсын, шын әулие болса, ұйықтаған адамдай екі беті қып-қызыл болып миығын тартқандай көрнер. Ондай жағдайда құран оқып, көріне қымтап жапсын. Ал шайтан болса, екеуі іріп-шіріп жатқан болар, кідірмей отқа апарып жақсын,»- дейді.

Төрелер Есқожа мен Қанайды көрден қазып алса, екеуі де беттері албырып, миығынан күліп жатыр екен дейді. Содан бұларды ақ матаға орап, қайтадан арулап көмеді. Бірақ дулаттар төрелердің бұл ісіне ырза болмайды. Наурызбай ұйқыға кеткенде тоқсан түйе томар үйіп, Есқожа мен Қанайды отқа өртейді. Мұны көріп қырғыздар жылап-еңіреп шулап жатады. Осы кезде Наурызбайдың түсіне Марал ишан атасы енеді, аян береді. Оның істеген кесір істері жіпке тізіледі. Атасы жаратқанның алдында дулаттың істегені үшін бұлардың жауапты екенін айтады. Енді сенің 14 күн өмірің қалды, болған жайтты Кенесарыға хабарла дейді. Өзі осыны айтып, аққу құсқа айналады да, көкке ұшып кетеді.

Әрине, бұл болған оқиғаның дәлме-дәл көшірмесі емес, орындаушының өзіндік версиясы. Бұдан жыршылық дәстүр ықпалының қаншалықты зор екендігін аңғарамыз. Сонымен бірге мұнда халықтың саяси дүниетанымы мен наным-сенімінің әсері де көрініс тапқан. Бәрінен бұрын тарихты өзінше түсініп, өзінше бағалаған бұқараның болған оқиғаға көзқарасы бір бағытпен жүрмейтіні байқалады.

Наурызбай қанша жерден қайратты, айлалы болса да жаратушы қолдамайтын істер жасап, пірін ренжітеді. Күш-қайратына сеніп, ақылға сыймайтын іс қылады. Эпикалық туындыларда пірлерін тәрк еткен батыр көп ұзамай мерт болады. Бұған қарағанда, А.Бағдәулет нұсқасында қаһармандық эпос дәстүрі басым. А.Бағдәулет жырлаған нұсқада Наурызбай батырдың пірі, демеушісі ретінде Марал ишанның аталуы тегін емес. 1832 жылы шекара әскерінің бастығы Карбышевтің мәлімдемесінде Керей руының басшысы Марал Құрмановтың көтерілісшілерді қолдайтыны айтылған. Марал ишан Бұқара маңындағы Жам тауы үңгіріндегі мешіт, медресенің ғұламасы Жалаңаяқ әулиенің шәкірті болған көрінеді. Ол мұнда өзінің зеректігімен, көріпкелдігімен таңдай қақтырар кереметтерімен дараланған ...

Кенесары-Наурызбай туралы тарихи-фольклорлық үлгілердің толық жинағы 2014 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің баспасынан жарық көрді.

